

**«6D021300 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы  
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Әлиакбарова Айгерім  
Тілесбекқызының «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ  
антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» атты диссертациялық  
жұмысына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.**

Қазіргі тіл білімінде тіл арқылы тіл иесі ұлт болмысын ашып, оны таным өзегі ретінде бір тұтастықта зерттеу үрдісі өріс алғаны белгілі. Осыған орай тіл деректері жай таңбалық-құрылымдық жүйе емес, олар – мазмұнында рухани-мәдени ақпарат сіңірілген ұлттың жады мен танымдық қоры, дүниетанымының тілдік бейнесі. Бұл жағдай тілдің коммуникативтік қызметімен қатар этномәдени ақпаратты жинап, ұлт рухын сіңіріп, сақтап қана қоймай келесі ұрпаққа жалғастырушы кумулятивтік қызметін де қалыптастырады. Осы сабақтастық өз кезегінде тіл қызметінің әлеуметтенуін де дамытады.

Осымен байланысты әр халықтың өзіне тән рухани қазынасы, ұзақ тарихының куәгері ретінде ұлттық болмысын тануға, шежірелерімізді сөйлетуге негіз болатын құндылықтың бай көздерінің бірі – кісі есімдері.

«Ат қойып, айдар тағу» – ұжымдастық өмір сүруде қажетті коммуникативтік қызметтен бастау алып, бір этномәдени тұтастыққа ұластыратын арқаулардың бірі.

Осылайша тіл мен мәдениет сабақтастығында тұтасқан антропонимиялық жүйе – тарихи-динамикалық сипаттағы ашық жүйе ретінде заман талабына, рухани-әлеуметтік даму үрдісіне бейім коммуникативті де жүйе.

Сондықтан ат қоюдың жүйесін өзгертіп, жаңалап, жаңғыртып отыру үрдісі әрбір халықтың тілдік, рухани-мәдени, саяси-экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес заманға сай көрініс тауып отырады.

Қазақ тіл білімінде антропонимдердің құрылымдық, сөзжасамдық жүйесі мен тарихи-этномәдени сипаты ашылған зерттеулердің негізі жасалған. Дегенмен тәуелсіздік кеңістіктегі ұлт санасын жаңа деңгейге көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы аясында және жаһандану дәуіріндегі ғаламдасу үдерісінің өріс алған жағдайында ономастикалық кеңістіктегі таным өзегі іспетті антропонимдер жүйесінің заманауи сипатын зерттеудің маңызы зор.

Осымен байланысты дәстүрлі антропонимикамен сабақтастырып, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи антропонимдер жүйесінің модельдерін жан-жақты да арнайы зерттеген Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының диссертациясының тақырыбын өзекті деп санаймыз. Тақырыптың өзектілігі тіл мен ұлт, тіл мен мәдениет, тіл мен қоғам сабақтастығында тілді зерттеудің «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» сияқты жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен тығыз байланысты.

## **2. Ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі.**

1. Заманауи қазақ антропонимдерінің лексика-семантикалық негіздерін дәстүрлі антропонимиямен сабақтастыру және салыстыру арқылы көрсеткен.

2. Қазақ антропонимдерінің құрылымдық және сөзжасамдық жүйесі дәстүрлі және заманауи сабақтастықта жан-жақты сипатталған.

3. Заманауи қазақ антропонимдерінің қатысымдық қызметі этномәдени, қоғамдық-әлеуметтік, мәдениаралық тұрғыдан түсіндірілген.

4. 1980-2018 жж. аралығындағы заманауи қазақ антропонимиясының құрамы қалыптасуындағы трансмиссия құбылысының мәні ашылған.

5. Қазақ кісі есімдері мен тектерінің заманауи бейнесіндегі трансформация құбылысының мәні дәйектелген.

6. Қазақ есімдерінің қазақ-орыс тілдерінде, ағылшын, латын графикасы бойынша мобильді қосымша түрінде заманауи қазақ есімдері электронды сөздігі құрастырылған.

## **3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Зерттеу барысында қол жеткен нәтижелеріне қазақ тіл біліміндегі Т. Жанұзақовтың, В. Махпировтың қазақ есімдерінің этномәдени, әлеуметтік үлгілеріне қатысты еңбектері, В.И. Супрун, Г.Б. Мадиеваның антропонимияны ономастикалық өрістің өзегі, әлеуметтену құралы деп анықтаған тұжырымдары ғылыми негіз болған.

Зерттеушінің назарынан мәселеге қатысты шетел ғалымдарының еңбектері де тыс қалмаған: адам есімінің философиялық, антропологиялық қырларын көрсеткен К. Агуекуннің, антропонимдердің мемлекеттік қызметі мен ресми құжаттық қызметіне қатысты К. Скоттың, кісі есімінің психологиялық әсері туралы Ф. Акппасоның, Америка, Канада, Британия елдеріндегі ғалымдардың БАҚ ықпалымен қойылатын заманауи есімдері туралы тұжырымдары, т.б.

Солардың ішінде ерекше орын алатын тіл саясаты мен антропонимдік саясаттың өзара байланыстылығы туралы В. Spolskудің тұжырымдарының қажет тұстарда ғылыми-әдістемелік негіз ретінде тиімді қолданылуы қазақ тіл білімінде заманауи антропонимдердің болмысын ашып, қалыптасу үрдісін айқындауға өзіндік үлесіне қоса алады. Ал, ғылыми нәтижелердің шынайылық дәрежесін зерттеу нысанына сәйкес Алматы Әділет департаменті АХАТ бөлімдерінің 1980-2018 жж. жазбаларынан жинақталған 43 027 бірліктері, 2017 ж. ҚР білім иегерлері атанған 28000 талапкерлердің аты-жөні т.б. кең қамтылған деректер белгілейді.

## **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағидасы) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.**

*Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі ішінара жаңа*, себебі қазақ тіл білімінде жүргізілген лингвомәдени, этнолингвистикалық, әлеуметтанымдық т.б. зерттеулерде қазақ антропонимдер жүйесіндегі лексико-семантикалық топтары көрсетіледі.

Ал, диссертацияда заманауи антропонимдердің лексико-семантикалық жіктелуін посфигуративті мәдениет, антропонимдік трансмиссия сияқты

ұғымдар арқылы анықтауын, оларды ономастикалық кеңістіктегі зерттеулердің ғылыми айналымына енгізуін жаңалық деп санаймыз.

**Екінші нәтиже – жаңа.** Заманауи қазақ антропонимдерінің құрылымдық-сөзжасамдық жүйесі, антономасия, антропонимдік трансформация құбылыстары негізінде талданған.

**Үшінші нәтиже – жаңа.** Заманауи есімдердің қатысымдық қызметінің этномәдени, қоғамдық-әлеуметтік, мәдениаралық мәнін қазақ антропонимиялық қоры қазіргі шет елдермен жасалған саяси-экономикалық, халықаралық байланыстары негізінде және трансмиссия мен коммуникация сабақтастығында түсіндірілген.

Сонымен бірге дәстүрлі антропонимиядағы лақап аттармен сабақтас қарастырылған диссертациядағы сахналық есімдердегі трансформация да заманауи қазақ есімдерінің қатысымдылық сипатын көрсетеді.

**Төртінші нәтиже – жаңа.** 1980-2018 жж. арасындағы заманауи қазақ антропонимиясының қалыптасуы «трансмиссия – ұрпақаралық қарым-қатынастағы зор мәдени феномен» деген тұжырымға сай сипатталған. Осымен байланысты диссертацияда мәдени дереккөз ретіндегі кісі есімдерін зерттеуде «трансмиссия» ұғымы тілдің кумулятивтік қызметімен байланыстырылады (36 б.). Тіл арқылы мәдениеттің ұрпақтан ұрпаққа үздіксіз берілуін қамтамасыз ететін тәсіл ретінде мәдени трансмиссияның көлденең (бір ұрпақ ішінде) және тігінен (алдыңғы ұрпақ арқылы) түрлері негізінде ашылуы зерттеудің жаңалық сипатын көрсетеді.

**Бесінші нәтиже – жаңа.** Қазақ кісі есімдері мен тектерінің заманауи бейнесіндегі трансформация құбылысы, олардың коммуникативтік қызметі, өрістік тәсіл арқылы антропонимдік жүйенің өзегі мен шеткері аймағы анықталған. Соның нәтижесінде антропонимдер ономастикалық өрістің өзегі болса, теонимдер, мифонимдер, зоонимдер т.б. өріс өзегіне жуық (околоядерные), ал лақап аттар антропонимдік кеңістіктің шеткері аймағына (перифериясына) жатады.

**Алтыншы нәтиже – жаңа.** Алғаш рет заманауи қазақ есімдерінің қазақ-орыс-ағылшын тілдеріндегі латын графикасындағы электрондық сөздігі түзілген.

## **5. Ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.**

Заманауи кісі есімдерін ономастикалық кеңістіктегі мәдени дереккөз және танымдық өзек тіл арқылы ұлт болмысын танытатын тіл білімінің антропозектік бағытына өзіндік тұрғыдан теориялық үлес қосады.

Ресми құжаттардың рәсімделуі мен АХАТ мекемесі т.б. мекемелердегі мемлекеттік тілдің өресін кеңейтіп, қоғамдық қызметін жандандыруы зерттеудің практикалық мәнін сипаттайды.

Жаһандану заманында төл мәдениетімізді танып, жаңғыртуға қатысты зерттеу нәтижелерінің лингвомәдени, елтанымдық, әлеуметтанымдық еңбектерде, лексикографиялық тәжірибедегі қолданысы да диссертацияның практикалық құндылығын белгілейді.

## **6. Диссертациядағы кемшіліктер мен ұсыныстар.**

1. Заманауи антропонимия жүйесі дәстүрлі антропономастикамен сабақтастықта қарастырылған. Зерттеу барысында өзекті ұстанымдар пайдаланылған, лингвомәдениеттану, лингвоелтану салалары диссертацияның «теориялық мәні» деген бапта көрсетілмеген.

2. Заманауи антропонимдер мәселесінің аясында мемлекеттік тіл қызметінің жүзеге асырылуына қатысты антропонимдердің жарнамалардағы қолданысына, символданған, прецеденттік атаулардағы мәніне т.б. назар аударылса жұмыстың практикалық құндылығы арта түсер еді.

3. Зерттеу нысанының ерекшелігіне сай кең көлемде қамтылған тілдік деректердің сандық бейнесінен туындайтын сапалық нәтижелерді тұжырымдау мен салыстыра талдауды тереңдете түсетін тұстар байқалады. Алайда болашақ жұмыстарында ескерсе деген бұл ұсыныстар диссертацияның мазмұны мен нәтижелеріне еш нұсқан келтірмейді. Зерттеу нысаны ғылыми негізделіп, жеткілікті тілдік деректермен дәйектелген.

#### **7. Диссертация мазмұнының ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.**

Зерттеу барысында қол жеткен ғылыми нәтижелер, жасалған тұжырымдар мен қорытынды ҚР БҒМ-нің «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сай келеді. Сондықтан зерттеуші Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызының «Жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайдағы заманауи қазақ антропонимиясы: трансмиссия, трансформация» тақырыбында жазылған диссертациясын «6D02130 – Лингвистика» мамандығы бойынша аяқталған зерттеу жұмысы, ал оның авторы Әлиакбарова Айгерім Тілесбекқызын «6D02130 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға толық лайық деп санаймыз.

Ресми резидент:

А. Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі Институтының бас  
ғылыми қызметкері, филология  
ғылымдарының докторы, профессор



Ж.А. Манкеева

